



Бекітемін:

Қарауылкелді орта мектебінің

директоры:  Қойшыгүлова .Қ.М.



Келісемін :

Мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі
орынбасары :  - Бердіғали.Ш.И.

Қарауылкелді орта мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік педагогының жылдық жұмыс жоспары

Әлеуметтік педагог : Жүрсін Набат Қыдырбайқызы

Әлеуметтік педагогтарға арналған қызметтік ережелер .

Әлеуметтік педагог қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция» ҚР «Неке және отбасы туралы заңы», «Неке және отбасы туралы заңы», « Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардығы №64 қаулысын, басқа да нормативтік актілер мен құжаттарды, осы ережені басшылыққа алады.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты : Мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көп балалы отбасы балаларын, жартылай жетім оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері: 1. Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғайды.

2. Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік –педагогикалық көмек көрсету. Тұлғаланау үдерісіне кері әсерін тигізетін әлеуметтік қатерлі отбасыларын анықтайды.

3. Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді.


4. Түрлі әлеуметтік топтарда сенімді қарым-қатынасқа түсе алуына көмек көрсету, әлеуметтену үдерісіне ықпал ету.

5. Ата-аналарға, педагогтарға басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік –педагогикалық кеңес берумен айналысады

Мерзімі	Оқушылармен жұмыс	Педагогикалық кадрлармен жұмыс	Ата-аналармен жұмыс	Басқа органдармен жұмыс
Қыркүйек	<p>Жаңадан келген оқушылармен танысып, олардың мектепке бейімделу дағдысын бақылау. Мүмкіндігі шектеулі балалармен үйден оқытылатын балалардың құжаттарын реттеу.</p> <p>- Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету; - Мектеп асханасынан арендатор есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау;</p>	<p>1-11 сынып оқушыларының толық тізімін алу. Сыныптардың әлеуметтік паспортын толтыру. «Мектепке жол» акциясын өткізу. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау;</p>	<p>Жаңадан келген оқушылардың ата-аналарымен сұхбат. Мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылуға құжаттар жинау. Ыстық тамақпен қамтылуға құжаттар жинақтау.</p> <p>Атаулы көмек алатын отбасыларын анықтап қажетті құжаттарын жинақтау.</p>	<p>Аудандық білім бөліміне есеп беру . Тәлімгермен үйірмеге қатысатын оқушыларды анықтау.</p>
Қазан	<p>Сыныптың әлеуметтік картасын құру. Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Тұл жетім, жартылай жетім балалар тізімі; ▪ Көп балалы отбасы балалар тізімі; ▪ Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының тізімі; ▪ Тәртібінде ауытқуы бар оқушылар тізімі. 	<p>Аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім, тұлдыр жетім отбасыларының диаграммасын құру.</p> <p>Сыныптардың әлеуметтік паспорттарын толтыру.</p>	<p>1 қазан қарттар күніне орай «Қарты бар үй қазына» тақырыбында ардагерлерімізді мерекелерімен құттықтау. Мектеп тәлімгері мен мектеп кітапханашыларымен бірге. Қамқоршы ата-аналарға мерекелік шара ұйымдастыру. Үйлеріне барып құттықтау.</p> <p>Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ата-аналармен жұмыс. Есепте тұрған отбасыларының тұрмыстық жағдайын зерттеу.</p>	<p>Мектеп психологымен бірігіп, мүмкіндігі шектеулі балаларға мінездеме жазу. Мектеп инспекторымен бірлесіп, бала құқықтары мен міндеттері жайында кездесу өткізу.</p>
Қараша	Толық отбасының балаларымен	Сынып жетекшілермен сабақтан	Өгей әкемен тұратын, тұрмысы	Мектеп психологымен

	жұмыс.	көп қалған оқушылардың себебін анықтап, олармен әңгімелесу.	қолайсыз отбасының ата-аналарына «Тату отбасы –бақытты балалар» тақырыбында баяндама. Қайырымдылық концерті. «Мейірімді жүрек-жомарт қол» Мектеп тәлімгерімен музыка пәнінің мұғалімімен бірге.	Бірге үйден оқытылатын балалардың тұрмыстық жағдайын зерттеу.
Желтоқсан	Аз қамтылған отбасы балаларын жаңа жылдық шыршаға қатынастыру.	Аз қамтылған, жетім, ата-ана қамқорлығынан айырылған және мүгедек білім алушылардың қызығушылығын анықтау, диагностикалау.	Қайырымдылық концерті. Жетім, ААҚҚ оқушылар қамқоршыларымен кездесіп, зерттеу актісін жасау, олардан жылдық есеп алу.	Тәлімгермен бірлесе отырып сабақтан қалған оқушылардың себебін анықтап, талдау жасау.
Қаңтар	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға «Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру.	Материалдық көмек көрсете алатын демеушілер іздеп, ұйымдастыру.	Аз қамтылған отбасыларына қамқорлық акциясынан көмек көрсету. Тегін ыстық тамақпен қамтылуға құжаттар жинақтау.- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және қиын және құқықбұзуға бейім оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу; - Қолайсыз отбасы ата-аналарымен кездесу және әлеуметтік педагогикалық жұмыстар атқару;	Аудандық білім бөліміне ААҚҚ оқушылар жағдайын, көрсетілген көмектер туралы хабарлама беру. «Қамқорлық» акциясының қорытындысын тапсыру.
Ақпан	Аз қамтамасыздандырылған отбасы балаларының сабақ үлгерімдерін бақылау.	Сабаққа себепсіз келмейтін оқушылардың үйлерін аралау, себебін анықтау.	Есепте тұрған ата-аналардың тұрмыстық жағдайын зерттеп, акт толтырып түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	«Денсаулық-зор байлық» денсаулық қызметкерлерімен кездесулер. Медбикемен бірге.
наурыз	Кәмелетке толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылыққа итермелейтін себептер сауалнама,	Алғыс айту күніне орай қарияларға және көмекке мұқтаж жандарға көмек көрсету. Мектеп	- Әлеуметтік қамқорлықтағы балалардың тұрғын-жайын зерттеу актілерін жүргізу; үнемі...	Мектеп психологымен бірлесе отырып жайсыз отбасы ата-

	тест.психологтармен бірге.	тәлімгерімен және мектеп кітапханашыларымен , жоғарғы сынып оқушыларымен.	- Оқушылардың отбасылық жағдайын талдау және мониторингін құру; Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	аналарымен түзету жұмыстарын жүргізу.
сәуір	Аз қамтылған , отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына , оқушыға және қиын құқықбұзуға бейім оқушылармен әлеуметтік психологиялық жұмыстар жүргізу.	Сынып жетекшілермен, психологтармен бірге есепте тұрған оқушылар , отбасыларымен жұмысты талқылау.Үйлеріне рейд жасау.Сабактан себепсіз көп қалатын оқушылардың үй-жағдайын анықтау.	Аз қамтылған отбасы балаларының үйлеріне барып тұрмыстық жағдайларын тексеру.үнемі.	Аз қамтылған отбасы балаларын мектепшілік түрлі үйірмелерге қатысуын қадағалау .(үнемі)
мамыр	Облыстық ПМПК-ға оқушыларды дайындау, құжаттарын жинақтау.	Қамқорлықтағы балалардың күнделікті ыстық тамақ ішуін және сабаққа қатысуларын қадағалау. (үнемі)	Жаңа оқу жылына жоспар құру.	Аудандық білім бөліміне 2021-2022 оқу жылы бойынша мектептің әлеуметтік жағдайының қорытындысын хабарлау.

Әлеуметтік педагог :  Н.Жүрсін.